



Айғақ Медиа



aigakmedia



Айғақ ТВ

tiktok айғақ

№47

/Сәрсенбі/

20 қараша

2019 жыл

www.aigak.kz

АЙҒАҚ

MEDIA

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар Рысқұлов және Сәттар ЕРҰБАЕВ атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері



ЕЛБАСЫ ТҮЙМЕБАЕВҚА БІРҚАТАР ТАПСЫРМА ЖҮКТЕДІ

Кездесу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Ассамблеяның атқарып жатқан жұмыстары туралы ақпарат берілді, деп хабарлайды elbasy.kz.

– Ассамблея алдындағы міндеттер айқын. XXVII сессияда қабылданған шешімдер бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының басым бағыттары жарияланды. Енді өңірлік этномәдени бірлестіктерді тарта отырып жергілікті жерлерде жұмысты ілгерілету және түсіндіру маңызды. Барлық облыстарда тиісті жұмысты жолға қою қажет, – деді Елбасы. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев

ҚХА жұмысын халықаралық бағытта күшейтудің маңыздылығына назар аударды.

– Сіздің тапсырмаларыңызды орындау үшін Ассамблея жұмысын жандандыру бойынша бірқатар шара қабылданды. Негізгі басымдықты өңірлерге бердік. Соңғы 2 айдың ішінде 2000-нан астам іс-шара өткізіліп, 4,5 миллионнан астам адам қатысты, – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесу соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар нақты тапсырмалар берді.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ!

Өткен аптада Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Сыртқы істер министрлері Ташкентте өтетін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші Консультативтік кездесуіне дайындық барысын талқылады. Министрлер Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары консультативтік кездесуінің күн тәртібін, бірлескен мәлімдемесі мен регламентінің жобаларын нақты қарады. Сондай-ақ, өңірлік өзара іс-қимылды одан әрі нығайтудың жай-күйі мен перспек-

Орталық Азия бағытындағы маңызды ортақ жетістігі ретінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2018 жылғы 15 наурызда Нұр-Сұлтан қаласында өткен ОА мемлекеттері басшыларының Жұмыс (консультативтік) кездесуі болды.

Жалғасы 3-ші бетте ➤

ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КҮШЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Өткен аптада Түркияның Ыстамбұл қаласында ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің, Түркия Республикасының Вице-президенті Фуат Октайдың, ұлттық компаниялар, даму қорлары мен сауда палаталарының басшылары, жоғарғы билік өкілдері және екі ел кәсіпкерлерінің қаты-

тияларының қатысуымен 493,7 миллион АҚШ доллары көлемінде 15 инвестициялық жобаны жүзеге асыру және 5 мыңға жуық жұмыс орнын құру жоспарлануда. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Түркия мемлекетінің 41 ең ірі холдингтерінің басшылары қатысқан

дауымен халықаралық әуежайдан бөлек өнеркәсіптік жылыжай салу және дайын металл бұйымдарын шығару мен туризм бағытындағы колледж құру сияқты ірі жобалар қолға алынған. Форум аясында Түркістан облысының әкімі түрік капиталының қатысуымен Шығыс базары, сауда орталығы мен қонақ үйлердің құрылысы, төмен вольтты кабельдер шығару бойынша

3 меморандумға қол қойды. Sembol Construction, Ta Group және KastroKablo компанияларымен қол қойылған меморандумдардың жалпы сомасы 200 миллион АҚШ долларын құрайды.

Сондай-ақ, форумда G2B форматында түрік бизнесінің 30-дан астам кәсіпкерлерінің қатысуы



суымен Қазақстан-Түркия бизнес-форумы өтті, деп хабарлайды Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Түркістан облысынан барған делегацияны облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев бастады. Форумда еліміздің инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылып, энергетика, машина жасау, химия, тау-кен, металлургия және тоқыма өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым және қаржы салаларындағы ынтымақтастықты күшейту мәселелері талқыланды.

2020 және 2021 жылдар аралығында Түркістан облысында түрік инвес-

кездесуде хабарлады.

«Түркия мен Түркістанды ежелгі тарихи тамырлар мен рухани көзқарастар байланыстырады. Бүгінгі таңда Түркия – Түркістан облысының, жалпы Қазақстанның маңызды, стратегиялық және сенімді серіктесі. Осыған байланысты мен Түркістанды дамытудағы қазақ-түрік ынтымақтастығының маңыздылығын атап өткім келеді. Біздің қалада халықаралық әуежай мен басқа да маңызды нысандардың құрылысына түрік компаниялары қатысуда», – деді Өмірзақ Естайұлы.

Түркістан қаласында бауырлас мемлекеттің қол-

мен іскерлік кездесулер өтті. Түрік инвесторлары Түркістан облысының туристік және өнеркәсіптік салаларына инвестиция салуға ниет білдіріп отыр. Ынтымақтастықты күшейту және әрі қарай жалғастыру мақсатында түрік компанияларының Түркістан облысына сапары күтілуде. Түрік компанияларының Қазақстандағы инвестициялық жобаларға деген қызығушылығының өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, 2019 жылы Қазақстанда түрік инвесторларының қатысуымен жалпы құны 2,9 млрд долларды құрайтын 18 жоба іске қосылған.

Ақерке ИСМАНОВА

Тағайындау



Олжас СМАҒҰЛОВ -

ҚР Премьер-Министрінің
Кеңсесі басшысының орынбасары

ҚР Премьер-Министрінің өкімімен Олжас Мұхтарұлы Смағұлов ҚР Премьер-Министрінің Кеңсесі басшысының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Олжас Смағұлов Алматы қаласында дүниеге келген. Америкалық құрлықаралық университетін,

Калифорния мемлекеттік политехникалық университетін, Жөңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін, Лондон экономика және саясаттану ғылымдары мектебін тәмамдаған.

Түрлі жылдары Атырау облысы әкімі аппаратының бас маманы, Атырау облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары, ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің әлеуметтік-экономикалық бөлімінің бас сарапшысы, Ақтөбе облысының әкімі аппараты басшысының орынбасары, Ақтөбе облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2018 жылғы шілде айынан бастап Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары лауазымын атқарған.

СЫРДАРΙΑ ӨЗЕНІНІҢ СУЫН САҚТАУ - КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Қоршаған ортаны қорғау және Сырдария бассейніндегі су сапасы жөніндегі қазақ-өзбек бірлескен жұмыс тобының екінші отырысы өтті, деп хабарлайды ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі.

Бұл жолы «Сырдария өзенінің суын сақтау» тақырыбы талқыланды. Екінші комиссия биыл Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылды.

Қазақстандық делегацияны ҚР ЭГТР Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зұлфухар Жолдасов басқарды. Ал өзбек делегациясын Өзбекстан Республикасы Экология және қоршаған ортаны қорғау бойынша мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары Ұқтам Утаев бастап келді.

Екі күн бойы тараптар судың сапасын бақылау нәтижелерін талқылап қана қоймай, бір-біріне Сырдария өзенінің ластануының негізгі көздерін ұсынды. Бір жыл бойы біздің мамандар Ташкентке сапар шексе, өзбектер Шымкентте өлшеулер жүргізіп, Комиссияға қатысушы елдердің жұмыс әдістерін, жабдықтары мен зертханаларын тексерді. Сонымен қатар шекарада қосымша 4 жаңа бақылау бекеті құрылды. Бұл алғашқы қазақ-өзбек бірлескен жұмыс тобының нәтижелері бойынша қол жеткізілген мақсаттар мен міндеттер.

Осы жылы Қазақстан мен Өзбекстан бірқатар тұжырымдамалық міндеттерді шешудің ортақ тәсілдері туралы келісті. Сонымен бірге Комиссия мүшелері 28 затты бірлесе бақылап отырамыз деп келісті.

Сонымен қатар ластану көздерін қосымша зерттеп, халықаралық ұйымдардың (БҰҰ Даму

бағдарламасы, ЕҚЫҰ, Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығы және тағы басқалары) қатысуымен жобаларды бірлесіп бастамақ.

Тағы бір маңызды жайт! Енді Сырдарияны сақтауға Тәжікстан мен Қырғызстанды тарту жоспарлануда. Қатысушылар барлық шаралар кешені Орталық Азияның өмірлік артериясы болып табылатын Сырдария өзенінің биологиялық өртүрлілігін сақтауға көмектеседі деп сенеді.



АСҚАР МАМИН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің (ИАЖК) отырысында Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) талаптарына сәйкес Қазақстан экономикасындағы бәсекелестік ортаны дамыту мәселелері қаралды, деп хабарлады ҚР Премьер-министрінің баспасөз қызметі.

ҚР ұлттық экономика министрі Р. Дәленов, сонымен бірге АҚШ-тың Қазақстанда тіркелген елшісі У. Мозер, Ұлыбритания елшісі – М. Гиффорд, Канада елшісі – Н. Бруссо, Еуропалық Одақ елшісі – Свен-Олов Карлссон, Канада Премьер-Министрінің ЕО мен Еуропадағы арнайы елшісі С. Дион, ЭЫДҰ өкілдері, «Ernst & Young» консалтингтік компаниясының өкілдері және т.б. Қазақстандағы экономикалық бәсекелестікті дамытудың қазіргі жағдайы мен перспективалары туралы, сондай-ақ, аталған саладағы саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарымен баяндама жасады.

«Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Назарбаев және Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев бәсекелі орта мен монополияға қарсы заңнаманың дамуын экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады», — деді А. Мамин.

Қазақстан қабылдап жатқан бәсекелестікті және іскерлік ахуалды дамыту бойынша шаралар

биылғы 10 айда ел экономикасының 4,4%-ға өсуіне, сондай-ақ, Қазақстанның ЕҚҚДБ, ХВҚ, АДБ, Дүниежүзілік банк және Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингтеріндегі позицияларының көтерілуіне ықпал етті. Қазақстанның ЭЫДҰ Бәсекелестік жөніндегі комитеттегі статусын арттыру мәселесі қаралып жатыр.

Үкімет басшысы мемлекеттің экономикадағы рөлін төмендету мақсатында, осы жылдың соңына қарай мемлекет қатысуымен компаниялардың қатысуға рұқсат етілетін қызмет түрлерінің саны 30%-дан астамға – 347-ден 240-қа дейін азаятынын атап өтті.

Премьер-Министр 2016–2020 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарындағы 864 активтен қазіргі кезде 500-ге жуығы жекешелендірілгенін айтты, бұл инфрақұрылымды басқарудың өнімділігі мен тиімділігін, құрылыс, тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы, өңдеу және басқа да салаларда менеджментті арттыруға мүмкіндік берді.

Үкімет басшысы Қазақстанның экономикалық саясатының басымдықтарының бірі — шағын және орта бизнесті дамыту екенін атап өтті.

«2005 жылдан 2018 жыл аралығында ел экономикасындағы ШОБ үлесі үш есеге жуық – 10,5%-дан 28,4%-ға дейін өсті. 2025 жылға қарай біз бұл көрсеткішті 35%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін, көп жұмыстар атқаруымыз керек», — деді Премьер-Министр.

904 ПӘТЕРГЕ ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Үшінші мегаполисте жұмысшы жастар жыл соңына дейін 1, 2 және 3 бөлмелі пәтерге ие болады. 29 жасқа дейінгі соңғы екі жылда қалада тіркеуде тұратын, осы уақыт ішінде тұрғын үйге меншік иесі болып табылмайтын, ай сайынғы табысы 40 АЕК (101 мың теңге) кем емес, банктегі жинақ (депозиттік) шоты бар және отбасылы жастар аталған жалдамалы пәтерлер байқауына қатыса алады. Бұл туралы Шымкент қаласының ақпараттық-коммуникациялық орталығында өткен баспасөз жиынында қалалық отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы Ж. Қалтаев мәлімдеді. Тұрғынжайлар сатып алу құқығынсыз 5 (бес) жыл мерзімге жалға беріледі.

Өтінімдерді 25-29 қараша аралығында қабылдаймыз. Елбасының тапсырмасына сәйкес, жұмысшы жастарды қолдау мақсатында еліміздің үш мегаполисінде 3000 пәтер жыл соңына дейін үлестірілмек. Шымкентте 304 пәтердің құрылысы аяқталуға жақын. 600 пәтер нарықтағы үйлерден сатып алынады. Жалпы, 904 пәтерге 6,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжайлар 2021 жылын қоса алғанда 3 жыл бойы беріледі,

— деді Ж.Төлембекұлы

Шымкент қаласы тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы басшысының міндетін атқарушы М.Әбдінұровтың айтуынша, бүгінде үй кезегінде тұрған жастар саны 10 мыңға жуық. Бұл баспаналар сатып алу құқығынсыз 5 жыл мерзімге жалға беріледі. Ай сайынғы пәтерақы 10-12 мың теңге көлемінде. Бағдарламаға қатысу үшін төмендегі құжаттарды:

- 1) Нысан бойынша өтініш;
- 2) Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқа жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады);
- 3) Білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 5) балалардың туу туралы куәлігінің (терінің) көшірмесі (бар болса);
- 6) өтініш берушіге және отбасының барлық мүшелеріне жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама;
- 7) жұмыс орнынан анықтама;
- 8) өтініш берушінің ай сайынғы табысын кемінде 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде растайтын соңғы алты ай ішіндегі табысы туралы анықтама;
- 9) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын құжаттар;

Мына құжаттардың кез келгені:

•еңбек кітапшасы;

- тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;
- еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;
- жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;
- жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (болған кезде);
- аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;
- жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.
- 10) банктік шоттың болуы және нөмірі туралы анықтама және банктік шот бойынша ақшаның қалдығы және қозғалысы туралы үзінді;
- 11) өтініш берушінің түрлі қызмет салаларындағы жеке жетістіктерін растайтын құжаттарды (бар болса) ұсынуыңыз қажет. Жастар жылы аясындағы бағдарламаға қатысу үшін тиісті құжаттар Шымкент қаласы, Республика даңғылы, 12а гимназияның бірінші қабатында қабылданады. Байланыс телефондары: 24-24-35.

Жомарт БЕГІМБЕТ

Бұл аптада
кімдер
туылған?

20.11.1945

Жеңісбай Сұлтанов
Генерал-майор, ҚР Ішкі істер органының құрметті ардагері, заң ғылымының докторы, профессор, академик

20.11.1965

Қайрат Балабиев
Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы

20.11.1975

Айдар Досболов
«Шымкент құс» ЖШС-ның директоры

23.11.1972

Уәлихан Жүнісбеков
«Дин-Асыл» ЖШС-ның директоры

23.11.1977

Арман Абдуллаев
Түркістан облыстық стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы

25.11.1950

Оңалбай Аяшев
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, педагогика ғылымдарының докторы

26.11.1964

Марат Ділдәбеков
Мақтаарал аудандық мәслихатының депутаты, Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы



Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

Бұл – көп жылдар ішіндегі мұндай форматтағы алғашқы кездесу болып, оның барысында өңір елдерінің көшбасшылары бесжақты ынтымақтастықтың негізгі басымдықтарын анықтап, болашаққа жоспарлар белгіледі.

ҚР Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді өз сөзінде Орталық Азия елдерімен жан-жақты кооперациялық байланыстарды дамыту және өңірдің маңыздылығын нығайту Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылатынын атап өтті.

Кездесу қатысушылары өзбек тарапына іс-шараны сапалы ұйымдастырғаны және Өзбекстанның аймақтық интеграцияны одан әрі дамытуға бағытталған күш-жігері үшін алғыс білдірді.

Еске сала кетейік, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында келіссөздердің нәтижесінде 2018 жылы Қазақстанда Өзбекстан жылын өткізу туралы келісті. Ал, 2019 жылы Өзбекстанда Қазақстан жылын өткізу жоспарға қойылған болатын.

2018 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы 2 млрд 365 млн долларды құрады. Қос бірдей мемлекеттің өзара бастамаларының арқасында елдер арасындағы байланыстар рухани жағынан байып, күшейе түсуде. Мәдениет, білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық нығайды. Қазақстан мен Өзбекстан басшылары 2020 жылға қарай тауар айналымын 5 млрд. долларға жеткізу туралы тапсырма жүктеді.

ТАШКЕНТТЕ «ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН ӨЗБЕК ХАЛҚЫ ФОЛЬКЛОРЫ» АТТЫ КІТАБЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ

Түркістан облысының тұңғыш әкімі және кезінде Шымкент қаласын басқарған басшы “Айғаққа” эксклюзивті сұхбат берді. Жансейіт Түймебаев пен Дархан Сатыбалды Өзбекстан жерінде жүздесіп, Оңтүстік аймағын сағынышпен еске алды. Беделді қос азаматтар қазірде ел үшін еңбек етуде. Қазақстан Халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары-Хатшылық меңгерушісі Жансейіт Қансейітұлы 14-16 қараша күндері жұмыс сапарымен Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкентке барып, Төтенше және өкілетті елші Дархан Сатыбалдымен кездесті. Екі елдің достастығын нығайтатын шараға Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Ассамблея мүшесі Дулат Әбіш пен “Айғақ” телеарнасының шығармашылық жұмысы да қатысты.

Қазақстан Халқы Ассамблеясының қолдауымен ұйымдастырылған іс-шара рухани байлықты көтеруге бағытталған. Қазақстанның Өзбекстандағы жылдарымен байланысты. Ташкентте екі күнге жоспарланған халықаралық конференцияға Нұр-Сұлтан қаласынан барған Жансейіт Қансейітұлы елшіліктің жаңа ғимаратымен танысты. Құрылысы ұзақ жылға созылған Қазақстанның Өзбекстандағы Елшілігі алдағы уақытта ресми түрде пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Бұл күндерге жоспарланған халықаралық

Орталық Азия – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ!



конференцияның мақсаты - екі елдің достық жібін жалғастыру, Қазақстанда тұратын өзбек халқының фольклор кітабының тұсауын кесу. Осы мақсатта басқосқандар бірінші күні Елшінің қабылдауында болып, құрмет көрсетті. Екі тарап бір-біріне сый берді. Жансейіт Түймебаев Дархан Сатыбалдыға Қазақстан Халқы Ассамблеясының «Бірлік» медалін табыс етті.

Елшіліктің жаңа ғимаратының алдында ұлы ақын Абайдың ескерткіші бар. Дара тұлғаның бейнесі тұрған маңда елден барған делегация өңгіме құрып, естелікке суретке түсіп алды. Осы сәтте Қазақстанның Өзбекстандағы Елшісі Дархан Амангелдіұлы да кезінде өзі әкім болған Шымкентті еске алып, жан жүрегімен тебірене мегаполис туралы пікірін білдірді. «Жаңалықтан Шымкент десе, елең ете қаламын, қашанда тілекші болып отырамын», - дейді.

Кездесудің екінші күні. Биыл Өзбекстанда Қазақстан жылы. Сондықтан болуы керек, Орталық Азияның конференциясында біздің елден барған өкілдерге көбірек көңіл бөлініп, назар ауган секілді. Осы байланысты одан әрі күшейтуге қатысты сұрақтар көтеріліп, ынтымақтастықпен жұмыс жасау туралы сөз көп айтылды. Баяндаманы ең алғаш болып жасағандардың қатарында Қазақстан Халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары-Хатшылық меңгерушісі Жансейіт Қансейітұлы бар.

Көп ұлттың мекеніне айналған Қазақстанда 600 мыңнан астам өзбек этносы бар. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылдың 23 қарашасында орнатылған болатын. Бүгінде тауар айналымы артып, халық шекарадан оңай өтіп жүр. Конференция барысында мемлекетаралық құжаттарға қол қойылып, достық байланысты үзбеуге уәделесті.

«Орталық Азия – біздің ортақ үйіміз».

Осы тақырып аясындағы бірінші конференция түс ауа секцияларға бөлініп кетті. Ал, Қазақстанда тұрып жатқан өзбек этносы байланыстың беріктігін дәлелдейтін тағы бір жиналыста басқосты. Таулықтың тал бесігі болған рухани кездесудің негізгі мақсаты - кітаптың тұсауын кесу болатын.

Құсқа екі қанат қандай қажет болса, Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы байланыстың жақсы болғаны да сондай керек. Біріншіден халық арасында сауда-саттық еркін жасалып, түрлі жұмыстарды атқарып жатқан жұмысшылар шекарадан оңай өтуде. Қазақстан Халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары рухани байлық беретін кітаптың тұсауын Ташкентте кесті. Таныстырылымы өткен кітапты парақтап ашсаңыз, Елбасының Жолдауы және Қазақстанда тұрып жатқан өзбек этносының фольклоры жазылған.

Кездесуде Жансейіт Қансейітұлы өзбек зиялыларының қызығушылығын тудырған Н.Назарбаевтың өлем назарын аударған қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік үлгісін, сондай-ақ, «Қазақстанда тұратын өзбек халқының фольклоры» кітабын кеңінен таныстырды.

«Әрбір халықтың ауыз әдебиеті – оның бай мұрасы. Бай фольклоры бар елдің тарихы да бай, болашағы да жарқын халқының өмір философиясы терең. Ауыз әдебиетінің Орталық Азия мен Ұлы дала халықтарының арасында маңызы жоғары болды. Ол ежелгі уақыттан халықтар тарихын, мәдени байлығын келер ұрпаққа жеткізудің құралы болатын. Қазақстан Республикасы – көптеген этностардың Отанына айналған мемлекет. Біз барлық этностардың тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтауға барлық жағдай жасап келеміз», - деді Жансейіт Түймебаев.

Аталмыш шараның ұйымдастырылуына Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Өзбекстанның Ғылым Академиясы мұрындық болған. Бұл туралы Қазақстан халқы ассамблеясының Баспасөз қызметі сайтта кеңінен жариялады да. Кездесуді Өзбекстан Ғылым Академиясының вице-президенті Б.Абдухалимов жүргізді. Бұл кездесуге сондай-ақ, Өзбекстандағы Қазақстан Елшісі Д.Саты-

балды, Өзбекстан Жазушылар Одағының төрағасы С.Саййид, Ғылым Академиясының институт директоры Н.Махмудов, Қазақстанның қоғам қайраткері Р.Халмурадов, Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығының төрағасы С.Үсенов, Қазақстандағы «Дустық» өзбек қоғамдық бірлестіктері Қауымдастығының төрағасы И.Хашимжанов, Өзбекстанның қоғам қайраткері, ақын М.Ахмедов, Ғылым Академиясының бөлім меңгерушісі М.Жұраев қатысты.

Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Жансейіт Түймебаев Өзбекстан Республикасының мемлекет, қоғам қайраткерлерімен және қазақ диаспорасымен арнайы кездесті. Кездесуде Елбасы Н.Назарбаевтың қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік үлгісі туралы сөз қозғалды. «Мәдени байланыстар – екі елдің достығы мен ынтымақтастығын арттырудың көзі болып табылады. Екі көрші мемлекеттің ынтымақтастығын арттыратын мәдени орталықтар мен бірлестіктер ашылып, жұмыстарын жалғастыруда. Екі ел арасындағы мәдени байланыстар бүгінгі таңда жаңа деңгейге көтерілді деп айтуға негіз бар», - деген Ж.Түймебаев. Қазақстанда тұрақтылықтың Елбасы Н.Назарбаевтың қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік үлгісінің арқасында қамтамасыз етіліп отырғанын тілге тиек етті. «Ассамблеяның алғашқы сессиясында, 1995 жылдың наурыз айында Елбасы Н.Ә.Назарбаев этносаралық қатынастардың бас сызығын – келісім мен бірлік саясатын белгіледі», - деді Жансейіт Қансейітұлы. «Біріншіден, Қазақ халқы – бір ұлт. Қазақстанда тұратын барлық этностар «ұлт» деген жалпы ұғымға енеді. Екіншіден, бір ұлт «бірлік - көптүрлілікте» ұстанымынан негіз алады, бұл этностардың өзіндік бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, тегінің түрлілігі – түрлі мүмкіндіктерге жол ашады. Қазақстанның барлық азаматтары әлеуметтік, этникалық, және өзге де тегіне қарамастан, бірдей», - деген Жансейіт Қансейітұлы күллі әлемнің назарын аударып, қызығушылығын тудырған қазақстандық жалпыұлттық бірлік үлгісінің маңыздылығына мән артып, қыр-сырын, мақсаты мен мүддесін түсіндірді. Сондай-ақ, қазақстандық қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің негізі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының бұл саясатты таратудың орталық құралы болып табылатынын айтты. «Қазақстандық үлгі Ассамблея мен ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының қоян-қолтық жұмысының басым бағыттарының біріне айналды. Тәжірибе алмасу мақсатында Ассамблея өкілдері әлемнің көптеген елдерінде болды. Қазақстандық этносаралық толеранттылық үлгісі ЕҚЫҰ мемлекеттерінің тіліне аударылып, ҚР-ның барлық елшіліктеріне таратылды. Тәжірибе алмасу үшін ҚХА хатшылығына шетелдік сарапшылар 100-ден астам сұраныс жіберді. Біздің үлгіге қызығушылық күннен-күнге артып келе жатыр деп айта аламын», - деді Жансейіт Түймебаев.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ,
ШЫМКЕНТ-ТАШКЕНТ-ШЫМКЕНТ.

АЙТАХАНОВ "SHYMKENT CITY" ТҰРҒЫН АЛАБЫНДАҒЫ ҮЙЛЕРДІҢ ЖЫЛУЫН ТЕКСЕРДІ

Дүйсенбіде Шымкент қаласының әкімі Erlan Aitakhanov “Shymkent City” тұрғын алабын аралады, деп хабарлайды өкімдіктің баспасөз қызметі. Тұрғындармен кездескен шаһар басшысы жылу бойынша проблема туындаған үйлерді арнайы аралап, тұрғындармен сұхбаттасқан.

Жұмыстардың сапалы болуы қажеттігіне айрықша тоқталған қала әкімі жауапты мамандардың салғырттығынан, халықтың зардап шекпеу керектігін назарға алған.

“Алдымызда қыс мезгілі келе жатыр. Қазіргі басты мәселе - тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болып, күн-

ара өзім арнайы тексеріп тұратын боламын”, - деді Ерлан Қуанышұлы.

Айта кетсек, 2018 жылы бой көтеріп, қолданысқа берілген үйлерге тұрғындар өлі толық қоныстанбаған. Соның салдарынан су, жылу жүйесінің құбырларында циркуляция жұмыстары жүргізілмеген, одан бөлек газ жүйесі толық қамтылмаса, ауыз су, газға төлеу үшін жеке дербес шот ашылмаған. Осыған байланысты қала басшысы әр аулаға жауапты тұлғаларға тұрғындардан тиісті құжаттарды жинап, жауапты мекемелерге барып, құжаттарды реттеуді тапсырды.

Тұрғындардың уәждерін тыңдаған қала әкімі әр үйдің жертөлесі мен әр пә-

терге кіріп көріп, жылудың қосылғанын тексерді. Сонымен қатар, тұрғындарға алдағы уақытта мұндай кемшіліктерге жол бермейтіндігін айтып, тиісті мамандарға нақты тапсырмалар берді.

Быттыр пайдалануға берілген 12 үйді (732 пәтер) жылу жүйесімен қамтамасыз ету мақсатында, бүгінгі таңда жылыту қазандығы қажетті электр, су, газ жүйесі және резервтік дизельдік генератормен қамтылып, толық іске қосылды. Қалалық өкімдік пен “Қуат-жылуорталық-3” МКК мамандары тарапынан жылу пәтерлерге тарату бойынша тиісті жұмыстар атқарылды.



Жемісті жылдың жетістіктері паш етілген биылғы «Алтын күз» мерекесі Түркістан облысында ерекше тойланды. Мерекелік шараға ауыл шаруашылық еңбеккерлері мен шаруа қожалық төрағалары, депутаттар мен аудан-қала өкімдері қатысты. Ал, жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ұлан Тәжібаев барша аграрлық сала еңбеккерлерін жылдық қорытынды мерекемен құттықтап, салада жоғары нәтиже көрсеткен аудан-қала өкімдеріне және еңбек озаттарына арнайы марапаттарды табыс етті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы агроөнеркәсіп кешені алдына, алдағы 5 жылда еңбек өнімділігі мен қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортын 2,5 есеге арттыру міндетін қойды. Осы орайда, 2019 жылы Түркістан облысында ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 13,3 мың гектарға артып, 827 мың гектарға орналастырылды. Ал, егістікті әртарапандыру бойынша мал азықтық дақылдар 11 мың гектарға артып 201 мың гектар, жүгері 2 мың гектарға артып 46 мың гектарға жеткен.

Сонымен бірге арпа егісінің көлемі 6 мың гектарға артып картоп, көкөніс, бақша дақылдары 119 мың гектарға орналастырылса, бидай 3,6 мың гектарға азайып, 186,8 мың гектар, мақта 1,5 мың гектарға қысқартылып, 131 мың гектарға егілген.

Көктемгі және күзгі дала жұмыстарын атқару үшін, арзандатылған бағамен 77,2 мың тонна жанар-жағар май, 96 мың тонна минералды тыңайтқыштар агроқұрылымдарға босатылды.

Нәтижесінде агроқұрылымдар масақты дақылдар

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ «ALTYN KUZ»!



немесе ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ САРАЛАНДЫ



түсімділігін 20 центнерге жеткізіп, 462 мың тонна астық жиналған. Бастысы, өткен жылмен салыстырғанда 125 мың тонна дән қамбаға артық күйілді. Көкөніс, картоп, бақшадан 3 млн тонна өнім жиналып, облысымыз рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Жүгері түсімділігі де әр гектардан 2,3 центнерге артып, 47,3 центнерге қол жеткізілді. Нәтижесінде 218 мың тонна дән жиналды. Мақта түсімділігі 27 центнерге жетіп, 347 мың тонна «ақ алтын» жиналды. Мақта теріміне 339 комбайн жұмылдырылып, шитті мақтаның 75 пайызы жиналды. Биылғы ауа райының қолайлы болуы ескере отырып, шаруалардың еселі еңбегімен бір жарым жылдық мал азығы дайындалды, мал азығының қоры 4 млн. тоннаны құрады. Еңбек өнімділігінің артуына салаға озық технологияларды енгізудің де тиімділігі мол. Мәселен, жаңбыр-

латып, тамшылатып суғару әдісі облыс бойынша биыл жаңадан 7 мың гектарға ендіріліп, жалпы көлемі 16,8 мың гектарға жетті. Жаңбырлатып суғару технологиясының тиімділігі ағын су шығынын 2-3 есеге үнемдеп, өнімділікті 3-4 есеге арттыруға мүмкіндік берді. Жылыжайлар қосымша 173 гектарға салынып, жалпы көлемі 1108 гектарды құрады. Республикадағы жылыжайлардың 80 % Түркістан облысының үлесінде. Қарқынды баулар жаңадан 673 гектарға егіліп, жалпы көлемі 3,4 мың гектарға жеткізілді. Нәтижесінде 190 мың тонна жеміс-жидек, жүзім өндіріліп, Республикадағы үлесіміз 57 пайызды құрады.

Су нысандарын тиімді пайдалану мақсатында арнайы «Бөген арнасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 5 су нысаны: «Бөген» және «Қосқорған»

су қоймалары, «Түркістан», «Арыс», «Қараспан» магистралды каналдары және «Қараспан» су торабы облыстық меншікке қабылданды.

Су нысандарын тиімді пайдалану нәтижесінде 75 мың гектар суармалы алқап ағын сумен тұрақты қамтамасыз етілді.

Түркістан қаласы аумағында ағын су тапшылығын жою мақсатында құны 29,3 млрд. теңгені құрайтын 4 жобаны жүзеге асыру басталды.

Сондай-ақ, «134 дана тік ұңғымаларды қайта қалпына келтіру» жобасы. Нәтижесінде қосымша 196 млн. текше метр ағын су жеткізіліп, ағын су тапшылығы шешілетін болады. Бұдан бөлек, 19 су шаруашылығы нысандарына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 5,2 мың гектар алқап сумен қамтамасыз етілуі жақсарды, 1150 гектар қайта айналымға қосылды, жаңадан 400 гектар суармалы

жер айналымға қосылды. Мал шаруашылығы саласында да өңіріміздің үлесі басым. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, ағымдағы жылғы 10 айда ірі қара мал басы 5,4 пайызға өсіп, 1,1 млн басты құраса, бұл бағыт бойынша Республикадағы үлесіміз 3 орынға ие.

Есепті мерзімде шет елден 3910 бас асыл тұқымды ірі қара мал аналығы сатып алынып, тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,8 есеге артты. Сыйымдылығы 8 мың басты құрайтын жаңадан 5 бірлік мал бордақылау алаңдары ашылып, мал бордақылау алаңдарының жалпы сыйымдылығы 164 мың басқа жетті. Сонымен бірге, биыл жаңадан 50 бастан жоғары 8 бірлік жанұялық сүт фермалары ашылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортына келсек, өсімдік шаруашылығында 394 мың тонна, мал шаруашылығында

28, мың тонна өнім экспортталып, экспорт көлемі 157,3 млн.АҚШ долларын құрап, тиісті кезеңмен салыстырғанда 20 пайызға артқан. Айталық 15,2 мың тонна ірі қара мал 3,7 мың тонна қой еті Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан елдеріне экспортталып, Республикадағы үлестің 50 пайызын құрады. Ал 394 мың тонна көкөніс, бақша өнімдері Ресей, Беларусь, Латвия, Литва, Германия, Украина елдеріне экспортталды. Бұдан бөлек, балық шаруашылығын мемлекеттік қолдау нәтижесінде, 2390 тонна балық өнімдері Германия, Литва, Ресей, Өзбекстан және Чехия елдеріне экспортталды.

Алдағы кезеңде, Қытай еліне түйе сүті өнімдерін экспорттау жоспарланып, жыл соңына ауыл шаруашылығы экспорт көлемін 264 млн АҚШ долларына жеткізу күтілуде. Сонымен биылғы «Алтын күз 2019» мерекесінде ала жаздай дала төсінде еңбек етіп мол өнімге қол жеткізген еңбек озаттары мен үздік нәтиже көрсеткен аудан қала өкімдері арнайы марапаттарға ие болды. Ауыл шаруашылығының барлық көрсеткіштерін орындауда Бәйдібек ауданы көш басынан көрінсе, екінші орын Сайрам ауданы, ал үшінші орынға Қазығұрт ауданы лайық деп танылды.

Биылғы жылдың 10 айында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 560,2 млрд. тг құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен 83,3 млрд. тг артты. Республикадағы үлесі 12,4 пайызды құрап, екінші орынға қол жеткізілді. Жыл соңына дейін жалпы өнім көлемі 619 млрд.тг-ге жеткізіледі. Салаға тартылған инвестициялар 27,9 млрд.тг құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артқан. Бұл еліміздегі ең үздік көрсеткіш.

Абай ОМАРОВ.

Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшылығының шақыруымен өңірге әлемге танымал Корея мемлекетінің Пучон қаласындағы Сунчон-хян медициналық орталығының профессоры, онкологиялық әрі халықаралық хирургтар қоғамының ресми мүшесі Ким Хен Чоль келді. Осылайша, өңіріміздің ақ халатты абзал жандарының біліктілігін арттыруға маңызды қадам жасалды. Кездесу барысында облыстық клиникалық аурухананың базасында Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Мұқан Егізбаев Кореялық өріптестерімен меморандумға қол қойды. Шет елден келген мамандар өңірдегі медицина саласының қызметкерлеріне дәріс оқып, тәжірибелерімен бөліседі. Сондай-ақ, Ресейдің травматологтары Түркістан облысында науқастарға ота жасап, жас мамандарға шеберлік сабағын өткізді. Келіссөздер нәтижесінде екі жақты ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Енді, Түркістан облысының онколог-дәрігерлері жылына екі рет Корея елінде біліктіліктерін арттыратын болады. Сондай-ақ, науқас азаматтарға Кореяда тегін медициналық көмек көрсетуге қол жеткізілді. Профессор Ким Хен Чольдың медицина саласында жеткен жетістіктері көп. Ол Барселона-Испан медициналық университетінің бас профессоры, Халықаралық Гепато-панкреато-

Меморандум түзілді



Биллиарлық қауымдастығының, Азиядағы эндоскопиялық және лапароскопиялық хирургтар қоғамының ресми мүшесі. Жоғары білікті дәрігер өт тас ауруы, өт шығару жолдары, бауыр обыры, ұйқы безі обыры, лапароскопиялық операциялар, сүт безі обыры, эндокринологиялық хирургия, бүйрек және бауыр трансплантациясы сияқты күрделі емдеу мен операцияларын жасайды. Мамандар қатерлі ісіктің осы түрлерін емдеудің және ота жасаудың күрделілігін айтып отыр. Профессор 2011 жылдың маусым айында Кореяда бірінші болып, қан құюсыз бауыр трансплантациясы бойынша жоспарланған отаны сәтті өткізген. Профессор Түркістан қаласының

Орталық қалалық ауруханасында өткен семинарға да арнайы қатысып, облыс дәрігерлерімен бауыр обырын емдеу бойынша тәжірибесімен бөлісті. Соңынан науқастарды қабылдап, дәрігерлік кеңес берді. Ким Хен Чоль мырза емдеу түрін жетік меңгерген колоректальды обыр немесе тоқ ішек, бауыр ісігі онкологиялық аурулар арасында жиі кездесетін түрлері. Қазіргі таңда барлық дамыған елдерде, оның ішінде Ресейде де өсу қарқыны байқалады. Өкінішке орай, дертке шалдыққан науқастардың медициналық көмекке уақытылы жүгінбеуінен, қатерлі ісіктің соңғы сатысына жеткенде ота жасап емдеу қиынға соғады. Түркістан облысында қазір бұл аты жаман кеселге душар болған 8000 науқас тіркелген. Дәрігерлер ауруларды уақытылы тексеруден және алдын алу шараларынан өтуге шақырады. Қатерлі ісік ауруы - үкім емес. Ерте сатысында айқындалса, емдеуге болады.

Айғаным ПЕРНЕБАЙ



Арыстық 100 отбасы баспаналы болды

Арыс қаласында қайырымдылық қордың есебінен бой көтерген «Баламекен» шағын ауданынан 100 отбасы жаңа баспанаға ие болды. Салтанатты шараға қатысқан Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қосман Айтмұхаметов және Болат Өтемұратов Қорының директоры Марат Айтмағамбетов пен «Верный Капитал» компаниялар тобының бас директоры Ерлан Оспанов жаңа қоныс иелеріне кілттерін табыс етті.

Қолданысқа берілген екі отбасына лайықталған «дуплекс» типті 50 үй толық аяқталған, әрі ас үй жиһазы мен тұрмыстық техникамен жабдықталған. Әр үйдің

ауласында 10 соттық жер телімі бар. Қалалық инфрақұрылымға қосылған жаңа шағын ауданда тас жол төселіп, аяқ жолдар салынған. Балалардың ойын алаңы орнатылып, ағаштар отырғызылған. Дендробақ жанында орналасқан жаңа шағын ауданның құрылысына қайырымдылық қоры 850 млн. теңге бөлген. Жаңа баспаналар Арыстағы әскери қоймада жарылған оқ-дәрілердің дүлей дүмпуінен бұзылған үй иелеріне, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, тұрғын үйге мұқтаж мүгедек жандар мен жалғыз басты аналарға берілді.

Аруна МҰРАТҚЫЗЫ

«WORLD SKILLS KAZAKHSTAN-2019»: ТҮРКІСТАНДЫҚТАР ҮЗДІК ҮШТІКТЕ



WorldSkills — жұмыс кәсібі мен шеберлік дағдысының беделін арттыруды көздейтін халықаралық қаржылық емес қозғалыс. Нұр-Сұлтан қаласында өткен еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру саласының өлеуетін көрсететін «WorldSkills Kazakhstan-2019» V республикалық чемпионаты өз мәресіне жетті.

Байқаудың мақсаты — жастарға кәсіптік бағдар беру, ел экономикасын дамыту барысында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, сарапшылар қауымдастығын құру және халықаралық стандарттар негізінде техникалық мамандықтар бойынша өндіріс орындары саласын жоғары технологиялық мамандармен қамтамасыз ету механизмін құру.

Тәуелсіздік сарайындағы «WorldSkills Kazakhstan-2019» жұмыс алаңқайларында Түркістан облысының ТжКБ ұйымдарының

студент жастары 17 құзыреттілік бойынша өз ісінде «Үздік» атағын қорғап, жүлдегер атанды, деп жазады Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Күнгей жастары білім мен дағды, қабілет пен білікті танытатын «WorldSkills Kazakhstan-2019» бесінші республикалық чемпионатында өз шеберліктерін көрсетіп 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль жеңіп алып, командалық есепте үштікке кіріп, биыл да Республиканы мойындатты.

Чемпионатқа қатысушылар екі күнде WorldSkills-тің 38 мамандықтары бойынша сайысқа түсіп, таңдалған құзыреттілікте медаль ұтып алу мүмкіндігі үшін жарысқан. Байқауға қатысушылардың жұмысын 500-ге жуық сарапшы бағалаған. Осындай республикалық деңгейде өткен байқауда 400-ден астам студенттердің арасынан топ жарған Мирас коллед-

жінің жалынды жастары. Шаш-тараз өнері бойынша Виктория Герасимова түрлі шаш үлгілерін жасап, өзінің қабілеттілігімен көптің көңілінен шығып, қола медальді қанжығасына байлаған. Жеңімпаздарды жеңістерімен құттықтауға оқу ордасының төлімгерлері мен студенттері жиналды. Сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан оқу орнының бұл сайысқа екінші мәрте қатысуы. Студенттердің дәл осындай республикалық деңгейдегі байқауларда көрсеткен жетістігі колледж деңгейінің жоғары екендігінің бірден бір дәлелі. Білім нәріні жас ұрпақтың бойына сіңіру — әрбір ұстаздардың басты борышы. «WorldSkills Kazakhstan-2019» V республикалық чемпионатқа өздерінің қажырлы еңбегімен талантты да талапты студенттерді жеңіске жетелеген Мирас колледжі ұстаздарының еңбегі айрықша.

Ал, таланттыны танытатын республикалық чемпионатта Төлеби ауданындағы №8 колледждің студенті Әбу Темірхан көп ішінен топ жарып, жүлделі орынды қанжығасына байлады. Электромонтаж жұмысын жетік меңгерген ол ерекше жобасымен жас маман атанды.

Атап өтейік, Түркістан облысының әкімдігі мен кәсіптік-техникалық мамандықты игеруге бағытталған колледждер және әлеуметтік әріптестер бірлесе отырып, білікті мамандар даярлап, облысты өнеркәсіптік хаб орталығына айналдыруды мақсат етіп отыр. Осы орайда, 65 колледждің 36-ы дуальды оқытуды іске асырып, 4333 студентті қамтып отыр. Аталған жүйе бойынша мамандар даярлайтын 4 колледжді өңірдегі ірі компанияларға сенімгерлік басқаруға беру бағытында тиісті жұмыстар атқарылууда.

Ақнұр НҰРЖАНҚЫЗЫ

«ЖАСЫЛ АЙМАҚТЫ» ҚАЛЫПТАСТЫРУ ІСІ ҚАРҚЫНДЫ

Түркістан облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына өткен аптада жаңа басшы келген болатын. Жаңа қызметке келген Қайрат Әбдуәлиев басқарманың 10 айда атқарған жұмыстарына есеп беріп, жаңа жобалармен таныстырды. Ең үлкен жоба облыс әкімі тапсырған «Жасыл аймақ» жобасы Түркістан облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының негізгі бағыттары орман шаруашылығы мен қоршаған ортаны қорғау. Оның ішіндегі басты міндеттері орманды қорғау, өсімін молайту және пайдалану, тұрмыстық қалдықтарды, тарихи ластануларды жою және кәдеге жарату жұмыстарын жүргізу. Аталған басқарманың 10 айда атқарған жұмыстарының ішіндегі орман шаруашылығына тоқталатын болсақ. Облыста мемлекеттік орман қорының жері 3 млн 439 мың гектар. Оның ішінде нақты орманмен көмкерілгені 1 млн 604 мың гектар. Бұл көлемді арттыру мақсатында Түркістан қаласында «Жасыл аймақ» жобасы қолға алынууда. Бұл туралы басқарма басшысы толық баяндап берді. Түркістан қаласының экологиялық ахуалын тұрақтандыру және қолайлы климат қалыптастыру мақсатында облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен апта сайын сенбілік ұйымдастырылып тұрады. Осы орайда облыс орталығы 32 секторға бөлініп, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жү-



руде. Кезекті сенбілік өткізуге облыстық Қоғамдық даму басқармасы, «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалы мен үкіметтік емес ұйымдар және ерікті жастар бастама көтерген болатын. Шараны қолдап, көне шаһарды жасыл желекке орауды мақсат тұтқан облыс әкімінің орынбасары Ұлан Тәжібаев, 16 аудан, қаладан 22 үкіметтік емес ұйым, ерікті жастар, Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы, облыстық этномәдени бірлестіктер өз үлестерін қосты. Сенбілікке қатысушылар Қарашық өзені аумағында арнайы көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан 5 учаскеде тал егіп, суару жұмыстарына атсалысты. Көгалдандыру жобасына сәйкес, биыл 180 мың түп көшет егу жоспарланып, бүгінгі күнге 130 мың данасы егілді. Облыс орталығын көркейту жұмыстары ары қарай да жалғасын таппақ.

Жоспарға сәйкес, 2020 жылы қала ішіне 250 мың түп түрлі көшеттер егіледі. Қала сыртынан құрылатын Жасыл белдеуге 2019 - 2022 жылдары 7700 га аумаққа 3,5 млн түп, оның ішінде 2019 жылы 2300 гектарға 628 мың дана, 2020 жылы 2400 гектарға 1 млн дана, 2021-2022 жылдары 3000 гектарға 1,9 млн дана түп әртүрлі көшет егу жоспарланып, бұл игі іс облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма-



сына жүктелген.

Жасыл белдеу құрылатын аумақтың 572 гектарына көктемде 160 мың көшет егілді. Қалған 1428 га аумаққа қазіргі күнде 468 мың түп әртүрлі көшет (қарағай, қарағаш, айлант, калифорния терегі, жиде, өрік, алма, алша, клен, т.б.) егу жұмыстары басталды.

Бұл жоба негізінде бой көтерген ағаштар Түркістан қаласындағы климатты жақсартуға бағытталып отыр. Яғни, күннің аптап ыстығынан, ызғар желден қорғайтын бірден-бір қоршау болмақ. Ал, жалпы облыс бойынша ағымдағы жылдың 10 айында 737 гектар жерге көшет егіліп, абаттандыру жұмыстары жасалған. Алдағы уақытта аудандар мен шалғайдағы елді мекендерде егілетін көшеттер осы Жасыл аймақта өсірілетін болады. Осы тұста басқарма басшысының тұрғындарға айтары бар.

Аруна ПЕРНЕБЕК



«Development Day» - КӘСІБИ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ведомствоға қарасты ұйымдар жұмыскерлерінің кәсіби және жеке-іскерлік құзыреттерін дамыту мақсатында министр А. Жұмағалиевтың және ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының ректоры А.А.Ахметовтың қатысуымен «Development Day» жобасы басталған болатын.

13 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының қызметкерлері үшін «ПАРАСАТТЫЛЫҚ» тақырыбында арнайы семинар өтті, деп хабарлайды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Түркістан облысы филиалының баспасөз қызметі.

Негізгі баяндамашы филиалдың аға оқытушысы, ғылым магистрі Досанов Нұрбай Ермаханұлы болды. Семинарды филиал басшысы ашып, адалдық, өділдік пен парасаттылық құндылықтары, қоғамдағы парасаттылықтың орнына ерекше тоқталды. Парасаттылық мәдениеті — бұл өділ қарым-қатынастың және қоғамның адал жолмен дамуының негізі. «Өзіңізді толығымен парасаттылыққа ие деп санайсыз ба?» деген сұрақ тыңдаушыларды ойландырмай қоймады. Өйткені, парасаттылық — дегеніміз Сізді ешкім көріп тұрмаса да қоғамға игілік ойлап, жақсылық жасау.

«Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, өдептілік, ұстамдылық қасиеттері тән. Мұндай қабілеттерді бойына сіңірген адам әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Аталған қабілеттің қызметкерлердің бойында болуы қызмет алушымен арадағы байланысты нығайтып, сенімділік, құрмет қалыптасады», - деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Бақытжан Тегембаев.

Айта кету керек, семинар оқыту курстары қазан айында бастау алған болатын. Сонымен қатар, Павлодар облысынан келген бір топ зиялы қауым өкілдері Түркістанда жақында ғана қолданысқа берілген халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысын көрді. Қонақ-

тарды мемлекеттік қызметтер саласындағы жаңашылдықтармен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Түркістан облысы бойынша филиалының директоры Ержан Жеңісбеков таныстырды.

Естеріңізге сала кетейік, бір жыл бұрын Елбасы ірі кәсіпкерлер мен облыс басшыларына Түркістанда бір-бір жаңа нысанның тұрғызылуын тапсырған болатын. Міне, бүгінде Павлодар облысының атынан салынған жаңа ғимаратта Халыққа қызмет көрсету орталығы орналасып, филиал басшылығы осында жұмыс істей бастады.

Орталықта 40-қа жуық маман қызмет көрсетеді. Ғимарат заманауи биометриялық құрылғыларымен жабдықталған. Енді түркістандықтар жеке басы растайтын құжатсыз-ақ, өздеріне қажетті анықтамаларды саусақ іздерімен алу мүмкіндігіне ие. Ол үшін бірыңғай электронды цифрлық қолтаңба немесе жеке басқуәлігінің қажеті жоқ. Биометриялық деректер базасына мәліметтерді оператордың көмегімен бас-аяғы 5 минутта енгізуге болады. Жүйеге тіркелу үшін азаматтардан оң және сол қолдарының сұқ саусақтарының іздері алынып, бет-әлпеті сканерленеді. Мамандардың айтуынша, биометриялық сервис азаматтардың дербес деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және бөгде адамдардың азаматтардың атына анықтама алу фактілерін болдырмайды.

Сонымен қатар, жаңа ХҚО-да «Цифрлық қызмет көрсету» секторы жұмыс істейді. Соңғы үлгідегі компьютерлермен жабдықталған орында бір мезетте 20 адам өз бетінше қызмет ала алады. Жыл басынан бері «Азаматтарға арналған үкіметтің» Түркістан облысы бойынша филиалы арқылы 2,3 млн-нан аса мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның тең жартысын түркістандықтар электронды түрде өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы алған.

Айта кетейік, Түркістан облысында 2 ХҚО бөлімі, 1 көші-қон орталығы, 1 мамандандырылған ХҚО жұмыс істеп тұр. Халық санының өсетінін ескерсек, мемлекеттік қызметтердің сапалы және ыңғайлы ғимаратта көрсетілуі өте маңызды.

Жаңа орталық Түркістан қаласы, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолы, 40 мекен-жайында орналасқан. Ол дүйсенбі-сенбі күндері сағат 9:00-20:00 аралығында үзіліссіз жұмыс істейді.

Сейсенбай АХМЕТ

Құлақпен естігенге сенуге болмайды, көзбен көру керек. Майда сөз болмау керек. Қонақ аз отырып, көп сынайды. Майдашыл емес Төлепбек Назарбековті байқадыңдар ма? Көп жерде тура айтып, өзіне бұра тартып, түзеп отырды. Кәдімгі жүзге бөлетін, бұза беретін сөз айтуды қояйық. Бәріңізден бір өтініш жасаймын, - деді.

-Иә.
-Мүмкіндік болса, барлық уақытта халықты жақсы өнегеге үйрету керек. Халықты ынтымаққа үйрету керек. Реті келгенде халыққа, өсіресе, жастарға түсіндіріп қоюымыз керек. Сондай әулие адамдар, жақсы адамдар келді, мейман болды, халық жиналған бұл жерде!

Айналайын! Қазағыма Құдай бейбіт өмір берсін. Ал енді Бегім, сол елді басқарып отырған сізге де ұзақ өмір берсін! Мырзашөл ауданы төрағасы болсам, жүзге, руға бөлуші ел бұзар сөз айтатын адамды үйден шығармас ем. Біздің өз қолымызбен сайлаған адамымызсыз. Біз жүзге, руға бөлмеген уақытта қадір болады, сол уақытта елдік болады, кісілікті өзгелер таниды. Бірауыз болып бірігіп, тірлік істеп жүре берейік.

Жігіттер, “жер төбесіз болмайды, ел төресіз болмайды” деген сөз бар. Мен Сіздерге айтайын, Ақсақалы дегеніміз - өте жауапты жұмыс. Оны әшейін Ақсақал деп беталды атай бермейді. Ақсақал деген - үлкен орын. Мына Димекең Қонаевты айтып отырмыз. Оның қасындағы кісілердің өздері 3-4 облыстарға биіктік қып жүрген адамдар. Саяси тұрмыстарға, кадр мәселесіне араласатындар.

-Рас, - деді Бегім.

-Ал, енді мына біздің өзіміздің Қынекең Үкібаев ақсақалымыз - ардагер адам. Енді жасы келіп қалды. Ақсақалдық - қозғалыстағы қызмет. Ақсақалдыққа біздің Сәкең дап-дайын отыр. Мен Сәкеңге ақсақалдықты берсек демекшімін.

-Мен айтайын деп отыр едім, - деді Ілекең.

-Жо-жоқ, - деді Сәкең ағасынан тартынып.

-Оған өкпе болмайды. Ол менің бір ағалық сөзім еді. Қозғалыстағы, ел аралап жүретін адамсыз дер едім.

-Мен аяқтайын енді. Сәкең сөйлесе сөзді келтіреді, істесе істі қатырады. Сәке, айналайын, бір Құдай артықша жаратқан жансың. Біздің ел үшін Қонаевтан кем емессің.

-Жаңа айттым ғой, Сәке, - деді Бегім де.

-Кем емес. Бұл адам да Пайғамбардай адамымыз. Ілияс ақсақал жөн айтып отыр. Ой, айналып кетейін, Сәрсекке! Міне, Сіз дүниені сүріп көрдіңіз, ақсақал. Жегеніңіз алдыңызда, жемегеніңіз артыңызда болды. Абыройды да Құдай сізге берген. Ақсақалдық жасаңыз!

Ілияс бабай:

-Жөн сөз осы болады, - деді.

-Екі-үш рет ауданға басшы болып келу деген - Құдайдың ісі. Адамның ісімен келген жоқсыз. Құдайдың өзінің бұйрығымен келгенсіз. Қонаевқа тәу етеміз. Ал енді Рашидов ақсақал да өте зор адам болған. Ал енді біздің алдымыздағы өнеге, үлгі, солардың тура көшірмелері, солардың артынан келе жатқан жеткіншек Сәке, Сізге бүгіннен бастап бұрынғыдан да ықылас зор болсын, - деп мойындаймыз.

-О! — деп қол шапалақтады көпшілік.

-Жәке, енді мынау ұсыныс қалай болады? — деді Сәрсенбай Бекежан Тоқсанбаев пен Ілиясқа қарап. Ілекең қажы сөйлеп берді:

-Жақсы болады. Көппен келісілген нәрсенің орны толады. Көріліктің де орны бар. Жігіттіктің де орны бар. Ақсақалдықтың да орны бар. Бәрінің де орны бар. Ал енді /Тоқсанбаевқа қарап/ сенің айтып отырған бұл өңгімең өте дұрыс-ақ, неге десен, жаңа Қынекеңнің қарттайғаны туралы айтқаның менің де жүйкемді босатып отыр.

Зілсіз айтты, жұмбақтай айтты. Бірақ, жұрт өзіндік түсініп қойып, ду күлді.

-Өзін айтып отыр, - десіп дуылдасты.

Ілекең Сәрсекенге қарап:

-Бір столда да 1961 жылы жолың болып, Димекеңмен қағыстырып, соғыстырып тұрғаныңды айттың ғой. Кеше, бүгін де Димекеңмен дәмдес болып інісі Төкеңмен қатар есе, ерік, билік алдың. Міне, көрдіңіз бе! Сол айтпақшы дайраның /дарияның дегені/ бер жағындағы Қоңырат па, басқа ма, осы Сырдария, Жызақ атырабы ақсақалы деп Сәкеңге бата беріп, аумин дейік!

-Аумин!

5.Димекеңнің айтқандарынан алған әсерлерім
...Атақты атбегі Бошай Кітапбаев, Қара-

таудың күнгей етегіндегі Мақұлбек, Керім-құл деген кісілердің бөйгілерін еске алып, Кенен, Нартай, Шашубай сынды ақындармен болған кездесулерін сыр ғып айтар еді.

Димекең айтулы асаба деседі білетіндер. 1992 жылы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ташкент облыстарын аралаған сапары әлі ел есінде. Талас ауданынан сәскеде шыққан Димаш Ахметұлы жолда Қаратауда, Жуалы, Түлкібас аудандарына ат шалдырып, түннің бір уағында Төлеби ауданындағы Төлепбек Назарбеков деген кісінің үйіне мандай тіреді. Келсек ығы-жығы адам, үлкен зал іші шоқ-шоқ гүл, о шеті мен бұ шетіне “қозы-көш” келетін дастархан қайысып-ақ тұр.

МЫРЗАШӨЛДЕГІ Кездесулер

(Қонаев пен Рашидов)
деректі хикаяттар

Димекең: “Апыр-ай, осынша шабылғаның қалай?” деп қатты қысылғаны бар. Сөйтсек, Төлепбек ағамыздың алпыс беске толып отырған тойы осы күнге тұспа-тұс келген екен. Сол дастарханды Димаш Ахметұлы мен басқарайын деп қолқа салғаны, содан таң қылаң бергенге дейін тойды қыздырғаны ел есінде. Жәйшылықта ашылып сөйлей бермейтін Димекеңнің қара сөзге жорға екеніне және мақал-мәтелге ұста екеніне сол жерде ел көз жеткізді.

Өз басым ол кісінің қандай қасиеттерін қадірлейсіз дегенде, қарапайымдылығын, кішіпейілділігін дер едім. Бала көрсе еркеткісі келіп тұратын бала-жандығы. Алдымнан жүгіріп балалар шықса, ұялып қалмайын деп, қалтасына көмпит салып жүреді екен. Сонан соң, кісі баласын жамандап, сыртынан ғайбат айтуға жоқ еді. Кешірімшіл, көпшіл мінез екінің бірінде бола бермейді. Бұйрық райда жұмсауға жоқ, ең әрі кеткенде “осылай етсек қалай қарайсыз” деп салмақты өзіңе салып отыратын және көсемсуді білмейтін.

Армансыз адам болмайды ғой. Димекеңде ше? Бұл туралы жиырма жылдай денсаулығының сақшысы болған, туған інісіндей жақсы көретін дәрігері Ахат Әминұлы Мүліковке әзілдеп: “Аха, осы ХХІ ғасырға жеті жылдай уақыт қалыпты. Төбесі көрініп тұрған жер екен, жеткізе аласың ба?” деп отыратын.

Бүгінгі қоғамдық өзгерістерді жігі қадағалайтын. Қоғамдық өзгерісті қолдайтындығын халықаралық қор құру арқылы білдірді. Қазір Қонаев қорының еліміздің көптеген облыстарында, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Қарақалпақстанда, Германияда бөлімшелері жұмыс істейді. Қазір Түркияда, Ресейде, Түрікменстанда, Әзірбайжанда, Монғолияда бөлімшелері ашылу қарсаңында.

Өзбекстандағы халықаралық Д.А.Қонаев қорының президенті жалақы алмай істейтін Қарсыбай Тажиддинов оның болашағын былай елестетеді.

Қоғамдық негіздегі, қордың болашағын өрісін қалай кеңітіп отырғанынан-ақ Д.Қонаевқа деген ел құрметін аңғаруға болады. Басты мақсат-тәуелсіз еліміздің іргесін нығайтуға қолдан келгенше атсалысу. Димаш Ахметұлының өсиеттерін орындап, аманаттарына адал болу.

Қазір жыл сайын жер-жерде Димекеңді еске алу күндері өткізіліп жатыр. Қор бұл орайда көптеген нақтылы шаруаларды жүзеге асырып жатыр. Шымкентте қалыстың барлық аудандарынан өкілдер отырысқан ас берілді, Талдықорған облысының ардагерлері Алакөл ауданында бас қосса, Жамбылда жас жұмысшылар мен еңбек, соғыс ардагерлері бас қосқан “Ұрпақтар үндестігі” деген кеш өткізілді. Мұндай игі шаралар алдағы уақытта да Жызақ, Ташкент, Сырдария, Мырзашөл өңірлерінде жалғаса түседі және мұны жыл сайын тамыз айында өткізу дәстүрге айналдырылған. Бұған қоса мынаны айтар едім: Димекеңнің басына құлпытас орнатылды, деректі фильм экранға шықты, қазақ және өзбек тілінде естелік кітаптары Өзбекстанда да құрастырылып жатыр. Орысша “От Сталина до Горбачева”, қазақша “Ақиқаттан аттауға болмайды” деген кітаптары жарық көрген екен, ол Өзбекстан

қазақтары үшін табылмай тұр.

Барлық газеттерде жарияланып, радио және теледидар арқылы берілген ардагерлердің “Ұрпақтар үндестігі” деген атпен Димекеңді еске алу күнін өткізу туралы үндеуіне халық үлкен қолдау көрсетіп отыр.

Мырзашөлдік азаматтарымыз “Әруақ риза болмай, тірі байымайды” дегенді ұмытпай, әлі де еліне қадірі асқан дана қарттың рухын көтерер игі, қосымша шараларды жүзеге асыруды жалғастырып жатыр.

Димекең елдегі экономикалық дағдарысты көріп, қалыптасып отырған әлеуметтік жағдайдан хабардар болған елағасы ғой. Мына тығырықтан шығар жолды айта алды.

Бұған жарық көрген, оқырмандар сүйіспеншілігіне бөленген “Ақиқаттан аттауға болмайды” деген кітабында толық жауап береді. Ол кісі: “Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсырет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма!” деген тілек үстінде дүниеден озған еді. Міне, бүгін оған да бірнеше жылдар өтті. Есімі, еңбегі ғасырлардан-ғасырларға жалғасатынына сенеміз. Иманы жолдас болсын!

II БӨЛІМ

Естеліктер

(жазып алған Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ

Құрметті Мылтықбай інім!

Ассалаумағалейкум. Өткендегі хатыңа жауап ретінде мына 2 бұйымтайды жолдап отырмын. Суретті де қоса салдым. Кітабыңның ойдағыдай болып шығуына тілектеспін. Елге керек нәрсе ғой. Естелік бере алатындардың біразымен әңгімелестім. Олар да жолдағанға ұқсайды. Біздің ауылдың адамдары ағылшындар сияқты сыр сақтағыштау келеді ғой. Ашық ақтарыла бермейді.

Кітаптан аз да болса менің жазғандарыма орын тисе, қуанышты болған болар ем. Үмітсіз шайтан деген ғой.

Құрметпен, ағаңыз Қарсыбай Батанов
07.02.95 жыл

1. Жақсының

нұр тараған жүрегінен

Мырзашөлге көптің бірі болып тың игеруге келген зиялылар қауымының бірімін. Екі жыл аудандық “Достық” газетінде редактор, 6 жыл аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімі мен ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген мені ауданмен көршілес орналасқан Абай атындағы совхозға партия комитетінің хатшысы етіп жерберді. 1976 жылдың тамызы еді. Бұл кезде мен 32 жаста едім. Кішіге аға, үлкенге іні болып, елдің жиын-тойларынан қалмаймын. Сол кездегі аға ұрпақ басшы қызметтегі кісілердің ортақ бір қасиеті - жұмысқа жанын салып кірісетіндігі, аяғына жеткізетіні және содан жаны рахат табатындығы еді-ау деп ойлаймын. Науқан кездерінде күніне 20 сағатқа дейін жұмыс істеп, шаршап, қалжыраса да, өршілдігі мен кірбіңсіз көңілдері, ашық қабақтары, жаймашуақ жүздері адам жанына нұрын себетін, өмірге деген құштарлығынды арттыра түсетін.

Мырзашөл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сатай Керімов, Абай атындағы совхоздың директоры Сыпатай Мінтаев, “Ташкент” совхозының директоры Тұтқабай Тұрсынбаев, Мырзадала селолық советінің төрағасы Ісенбай Жұмақанов, аудандық сауда бөлімінің бастығы Бекежан Тоқсанбаев, “Иіржарсовхозстрой” тресі парткомының хатшысы Әбдіғаппар Сардаров, “Өзбекстан” совхозының директоры Инобат Ахунова т.б. басшы кісілермен көп жылдар қызметтес болғанда, түйген пікірлерім екен. Олардың бәрі қазір зейнеткерлер сапында.

1977 жылдың қараша айы еді. Мақта жинаудың қарбалас шағы болатын. Ісенбай аға Жұмаханов түске жақын телефон соқты: -Қарсыбай, құттықтаймын! - деді көңілді дауыспен.

-Рахмет Ісеке, бірақ немен? - дедім.

-Қазір ғана радиодан естідім, Дінмұхамед Ахметұлына үшінші рет Социалистік Еңбек Ері атағы беріліпті, - деді.

-Қуанышты хабарыңыз үшін Сізге сүйіншіге бір қой берем, - дедім.

-Жақсы - деді Ісекең. Онда сен оны бүгін кешке мақта қабылдау пунктіне апарып сой да, дастархан жаса. Мына үлкен награданы тойға айналдырып жіберейік, - деді. Мен келістім. Кешқұрым пункт асханасында 30-ға жуық аудан активистері отырып, бұл үлкен қуанышты Өзбекстанның бір бұрышында атап өттік!

Димаш Ахметұлымен жүзбе-жүз кездесуім 1992 жылдың қараша айында Жызақ қаласында өткен Шараф Рашидовтың 75 жылдық тойында болды.

Той салтанатынан бір күн бұрын келіп, Димекең өзінің серіктерімен қонақ үйіне жайғасып, кешке ресторанда ол кісінің құрметіне дастархан жайылды. Екі сағаттан астам уақыт бойы ол кісімен бірге отырдық. Әңгі-

месін тыңдадық. Ерекше бір қанағаттанған сезімде, тамаша көңіл-күйде отырдық.

Ертеңіне, 6 қараша күні өзбек халқының ардақты перзенті Рашидов Шараф Рашидовичтің тойы басталды. Он мыңға жуық адам жиналды. Өзбекстан Республикасының Президенті И.Ә.Каримов бастаған үкімет басшылары, Түркіменстан, Тәжікстан, Қырғызстан делегациялары қатысты.

Ш.Рашидовқа ескерткіш ашылды. Оған мемлекет басшылары, қонақтар, облыс, аудан өкілдері, қала тұрғындары гүл шоқтарын өкеп қойды. Өсіресе, Д.А.Қонаевтың бүгінде 80 жастың жүзін көріп отырғанына қарамай, сонау Алматыдан арнайы бұл тойға ат арылтып келіп отырғанына қуанбаған қазақ пен өзбектің баласы қалған жоқ. Осындай қадірменді ақсақалымыздың ел ішін аралауы түбі бірге туысқан екі елдің арасын бұрынғыдан да жақындата түскендей болды.

Жызақ облыстық қазақ ұлттық мәдени орталығы тойға арнап төрт киіз үй тікті. Бұл үйлердегі дастархан мәзірінен Димекең түз-дәм татты.

Тойда сөз сөйлеп, Димаш Ахметұлы былай деді:

-Қандай да әлеуметтік-экономикалық формация болмасын, жоғары дәрежедегі кез-келген басшының ролі өз халқының өмірін жақсарту жолында жасаған нақтылы ісімен өлшенеді.

Осыған орай Ш.Рашидұлының Өзбекстан экономикасын, мәдениеті мен ғылымын өркендетуге сіңірген зор еңбегін айрықша атап өткім келеді. Рашидовтың еңбегі тек Өзбекстан Республикасына ғана мәлім емес, оны Одақта білетіндер түгел құрметтеп еске алады. Бүгінгі той - соның жарқын көрінісі. Шараф Рашидовтың табандылығы мен қайсарлығын көрсететін бір ғана мысал келтіре кетейін.

Алга қойған мақсатына жету үшін, өжет мінезді болудың үлгісі еді ол. Өз басым соның тірі куәсімін. Әңгіме Мұрынтау кен орнын игеру жайлы болып отыр. Мәскеудегі орталық орындар Мұрынтауды игеруге үзілді-кесілді қарсы болды. Оның болашағына сенбеді. Бірақ Шараф Рашидов кесе-көлденең шыққандардың түгел көзін жеткізді. Сөйтіп, кен орнының келешегін көре білді. Қазір сол Мұрынтау тәуелсіз мемлекет Өзбекстан республикасын валютамен қамтамасыз ететін аса ірі байлық көзіне айналды.

Бұдан соң Димекең Шараф Рашидовтың Арал проблемасын шешуге атсалысқаны, шөл даланы игеруге, мақта өсіруге, Ташкенттегі жер сілкінісінен кейін қираған қаланы қалпына келтіруге сіңірген еңбектеріне тоқталды. Тойға құтты болсын айтты. Тойдан кейін де Димекең екі күн қалып, Самарқанның тарихи жерлеріне сапар шекті, Мырзашөл ауданының еңбекшілерімен кездесті.

Аудан Әкімі Бегім Серіков Д.А.Қонаевқа аудан жұртшылығы атынан ақбоз ат мінгізді. Осы шағын естелікті аяқтай отырып, осыдан 25 жыл бұрын өзім жазған:

(Жалғасы бар)

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,

Әбдіғаппар СЕРІКБАЕВ,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.

ЕЛІМІЗДІҢИНДУСТРИЯЛЫҚ - ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ ӨЗЕКТІЛІГІ

«Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыманыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев кезекті Жолдауында нақтылап атап көрсетті.

«Инновацияны» қазақша түсінікті етіп айтатын болсақ, ол – жаңалық, жаңа зат, жаңа құбылыс, жаңа өмір, жаңа әдіс, жаңа жүйе, жаңа өндірістік қатынас, жаңа техника деген сөз. «Индустриялды-инновациялық даму» дегеніміз жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстырумен көзделген экономикалық даму бағыты. Жалпы алғанда «инновация» ағылшын тілінен аударғанда – жаңалық енгізу, жаңашылдық деген ұғымды білдіреді, демек жаңа өндірістік үрдісті, өнімді немесе қызметті игеру, жаңалықты инвестициялау деген ұғымды білдіреді.

Еліміздің индустриялық-инновациялық әлеуетін көтеру өзектілігі Елбасының халыққа арнаған Жолдауында айрықша айтылды: «Көптеген болжамдар бойынша, алдағы 15-17 жыл Қазақстанның ауқымды серпілісі үшін «мүмкіндіктер көзі» болмақ. Бұл кезеңде сыртқы ортаның қолайлылығы, ресурстарға, энергияға және азық-түлікке сұраныстың артуы, Үшінші индустриялық төңкерістің пісіп-жетілуі сақталады. Біз бұл

кезеңді пайдалана білуге тиіспіз» делінген.

Әлемдік экономиканың алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін игеруге және оны ұтымды пайдалана білуге талпынған мемлекеттер үшін бүгінгі таңдағы басты мәселе индустриалды-инновациялық экономиканы қалыптастыру болып отыр. Индустриалды-инновациялық экономиканың басты ерекшелігі – ғылыми сыйымды, технологиялық өңделу деңгейі жоғары өнімдерді шығаруға икемді өндірістік және инновациялық инфрақұрылымның болуы.

Еліміздің бірыңғай экономикалық кеңістіктегі қарқындап дамуы, оның өңірлерінің қазіргі инновациялық әлеуетіне тікелей байланысты.

Республикада индустриалды-инновациялық стратегия негізінде, өңірлердің ішінде бәсекелестік қабілеті жоғары және экспортқа бейімделген секторларды анықтау арқылы, жалпы өңірлердің дамуына институционалды қолдау көрсету - бүгін мемлекеттің негізгі мақсаты болып отыр. Жалпы айтқанда, ел экономикасын

өрге сүйрейтін елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басты бағытының бірі – индустриалды-инновациялық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізетіндігі ақиқат.

Мемлекетімізде жаңа өндірістер, сондай-ақ, кәсіпорындардың іске қосылуына орай сол өндіріс пен кәсіпорын мекемелерін ары қарай дамытып, елу елдің қатарына кіруіне ықпал ететін кәсіби білімді мамандар қажет. Бүгінгі таңда ел экономикасын көтеруде технологиялық мамандарды меңгерген жастарға барлық кәсіпорындардан түсіп жатқан сұраныстар көп.

Қазақстанның оңтүстік өңірі өндіріс орындары көп шоғырланған индустриалды аймақ болып табылады. Химияның және химия өнеркәсібінің өркендеуі шаруашылықтың барлық салаларының дамуына, жалпы ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне әсер етеді. Химия өнеркәсібінің және оның жетістіктері егеменді еліміздің экономикасы мен мәдениетінің өсуіне, халықтың әлауқатының артуына ықпал етеді. Қазіргі қоғамда әрбір адам өзінің химия ғасырында өмір сүріп отырғанын жақсы біледі. Химиясыз ғылыми-техникалық прогресс болуы мүмкін емес.

Қазіргі заманда жоғары білім берудің басым бағыты ретінде отандық экономиканы жас мамандармен қамтамасыз ету мақсатымен техникалық білім беруді дамыту көзделген. Осыған орай қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан химия, металлургия, құрылыс, мұнай-газ, экология, биотехнология және өнеркәсіптің басқа да салалары үшін жоғары білікті бакалаврларды дайындауға

аса маңызды көңіл бөлінуде.

Біздің мемлекетіміз барлық деңгейдегі техникалық және технологиялық білім беруді дамытуға бағытталған тиісті іс-шараларды қолдауда. Елбасымыздың тапсырмасы бойынша жыл сайын техникалық мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік грант саны артуда.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің «Химия және химиялық технология негіздері» кафедрасында бүгінгі таңда 24 профессор-оқытушы құрамы, соның ішінде 4 ғылым докторлары, 11 ғылым кандидаттары және 5 ғылым магистрлері жұмыс істейді. Кафедрада 5В060600-«Химия» мамандығы, 6В05320-«Химия» және 6В07270-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындалады. Жоғары деңгейлі мамандарды даярлау үшін кафедрада магистратура ашылған.

Бұл мамандықтар – химия саласында жоғары білікті мамандар дайындауға негізделген. Химия – металлургиялық, мұнайхимиялық, мұнайөңдеу, фармацевтикалық, микробиологиялық, азық-түліктік, тоқыма және басқада өнеркәсіп пен өндіріс салаларында анықтаушы роль атқарады.

Университет пен кафедраның материалдық базасы заманауи көп функционалды, тиімділігі жоғары арнайы қондырғылармен қамтамасыз етілген, химиялық, физикалық және физика-химиялық кең спектрлі талдау жүргізуге мүмкіндік беретін әртүрлі заманауи құрылғылармен жабдықталған. Оқу-ғылыми базасы жоғары талаптарға сай, зертханалары мен оқу залдары қазіргі заманғы

ғылыми-ізденуде қолданылатын қондырғылармен жабдықталған және бұл оқу процесін жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Университетті бітіргеннен кейін білім алушыларға «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша химия бакалавры, ал «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры біліктілігі беріледі және бітіруші түлектер өндіріс кешендерінің түрлі салаларында, прокуратурада, орта және кіші бизнес кәсіпорындарында, ішкі істер орындарында, кеден және салық полициясында, сараптау органдарында, экология комитетінде, қоршаған ортаны қорғау органдарында, химия-фармацевтикалық кәсіпорындарда, медициналық препараттарды өндіру бойынша кәсіпорындарда, биотехнологиялық өндірістерде, техникалық бақылау бөлімдерінде, орталық-зауыттық зертханаларда, дәрі-дәрмектерді стандарттау және сапасын бақылау бойынша зертханаларда жұмыс істей алады.

Сонымен қатар, аталған білім беру бағдарламаларын таңдаған және де бакалавр жүйесі бойынша жетістікпен бітірген түлектердің оқуын одан ары қарай магистратурада жалғастыруына, магистратураны бітіріп, оқуын PhD докторантурада жалғастыруына, және кез-келген елде осы білім беру бағдарламаларының білікті маманы болуына мүмкіндіктері бар.

К.БЕКЖИГИТОВА,

М. Әуезов атындағы

ОҚМУ-дың «Химия және химиялық технология негіздері» кафедрасының меңгерушісі

Әйел араласпайтын сала жоқ десе де болады

Әйел-отбасының шамшырағы. Оның отбасындағы атқаратын жұмыстары тынымсыз еңбекті қажет етеді. Ер адам түзде, қызметте жүргенде аяулы жан перзент қамын ойлап, зыр жүгіріп жүреді. Ағайынның арасын жақындастырып, барлық қуанышқа ортақтасып, қиындықты бөлісуге келгенде де бар тірлік әйел баласының ұйымдастыруымен жүзеге асады.

Ал, әйел баласының қоғамдағы орны да ерекше. Бүгінде олар араласпайтын сала жоқ десе де болады. Сондықтан, үйде де, жұмыста да тыным таппайтын әйелдердің құқығын қорғау-маңызды. Құқық дегеніміз-босануға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдерде уақтылы тиісті қаражатты беріп отыру, перзенттерге қарау кезінде денсаулығына мән беру, емханаларға барғанда емізулі аналарға кезексіз қызмет көрсету, тағысын-тағы өз ретімен болып жатса, оның отбасына тигізер ықпалы зор. Бала ауырып қалса да, ауруханада кішкентай баламен бірге жату, келген соң үйіші қамымен еңбектену оңай тірлік емес.

Бірақ, әйел-қашанда шыдамды. Үйдегі тірліктерді өз міндеттеріне алып алған...Сондықтан да, гендерлік саясат өмірге келген. Стратегия – әйелдер мен ерлерді теңестіруді қарастырады. Бұл-еліміз егемендік алғаннан бері алға қойылған гендерлік теңдік мәселесі. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заң- осының айқын айғағы.

Айнұр ОСПАНОВА,

Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.



ШЫМКЕНТТІКТЕР, ҚЫС МЕЗГІЛІНЕ ДАЙЫНДАЛЫҢЫЗДАР!

Шымкент су арнасының жұмысшылары қала тұрғындарына жеке үйлердегі су тарату тораптарын оқшаулау туралы өтінішпен жүгінеді.

Су есептегішті қалай оқшаулау керек? Мұны істеу үшін, құдықты ішкі жағынан үгінділермен су есептегіштің өйнек деңгейіне дейін толтырыңыз. Содан кейін үгінділер қабатын су өлшегішпен бірге минералды жүнмен жабыңыз. Ішкі жағынан ұңғыманың қақпағын полиуретанды көбікпен оқшаулаған жөн.

Бағанды (стояк) қалай оқшаулау керек? Бағанға асбест-цемент құбырынан қақпақ қоюға немесе ағаш қорап жасауға болады. Қуықты ішкі жағынан үгінділер-

мен кран деңгейіне дейін толтырыңыз, үстін минералды жүнмен жауып, оқшауланған қақпақпен жабыңыз.

Тұрмыстық үй-жайларда орналасқан «нүктелер» туралы да ұмытпаңыз. Мысалы, жылытылмаған моншаларда. Араластырығыштар мен жеткізу құбырларын шүберектермен немесе басқа материалдармен оқшаулаған жөн.

Есіңізде болсын, бір абоненттің құбырында пайда болған мұз орталық су құбырына жетеді, ал мұз кептелісі бүкіл көшеге қиындық тудырады!

«Су ресурстары - Маркетингі» ЖШС-ның баспасөз қызметі

Әйел адамның орны - қоғамда маңызды

«Тұрмыстық-зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заң қабылданғалы әйел баласына деген қамқорлық күшейді. Бүгінгі таңда тұрмыстық-зорлық-зомбылықтың алдын алумен бірге, оның жолын кесуде әйелдердің конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған жұмыс өз нәтижесін беріп келеді. Яғни, қабылданған Заң әйелдердің құқықтарын қорғау үшін, шынайы құқықтық жағдай жасап келеді.

Гендерлік саясаттың басты мақсаты- әйелдер экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту кезінде қамқорлықты сезіну, қызмет бабында өсулеріне мүмкіндіктің мол екенін жадында сақтау, Гендерлік саясат сонымен бірге ерлер мен әйелдердің репродуктивтік денсаулығын нығайту мақсатында қадағалауды жалғастыру, ешқашан да жынысына қарай зорлық-зомбылықты бастан өткермеу... Айта берсе көп-ақ.

Шынында да, әлемдік қоғамдастықта жоғары бағаға ие болған гендерлік тең құқылық-өмірдің айқын айғағы. Өйткені, бүгінде мемлекеттік биліктің атқарушылық, заңнамалық, сонымен бірге сот тармақтарына тең серіктестік қатынастарының мықтап сақталуы да –осы Заңның аясында атқарылып жатқан игі істердің жемісі.

Қорыта айтқанда, әйел адамның орны-қоғамда өте маңызды.

Серік НИЯЗБЕК,

Шымкенттегі мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы.

АЙҒАҚ
MEDIA

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Г. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Жарлығын ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

А Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Жазылу

индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Г.Ляев көшесі, 29.

Тасырыс: №-206
Таралымы: 7000

Нөмірдің кезекші редакторы - Ақерке Исманова

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

АКЦИЯ!

АЙҒАҚ телеарнасы
жарнамаңызды ұтымды
жариялауды ұсынады:

Жүгіртпе жол **Акция:** 2+1, 3+2, 5+3,
10+6, 20+12

Күндік көрсетілім **70** **1 сөз = 150 тг**
Асыңыз! **р е т**

Жарамсыз деп танылсын

*** Медеан Сержан Бөріханұлы атына 2019 жылы берілген МВД.РК. ПС №00 409 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Абдраманова У.Т. атына берілген 2012 жылы шыққан зауыт №00510214, Меркурий 130 Ф КЗ маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Шалқарбаев Д.А. атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №АА00910902, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «MEGADON» ЖШС атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №010000002449, Сервис Плюс маркалы кассалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Умирова Мадина Конысбаевна 31.10.1979 жылы туылған Өзбекстан Республикасы, Бостандық ауданы, Янги ауылы, Ащысай көшесі 22 үй тұрғыны. Өзбекстан Республикасынан берілген шет елдік паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Дарлен Ә.А. атына Оң-

түстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сергулиева Багила Дүйсенбековна атына 2013 жылы берілген «Күміс алқа» кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Кәрім Жанар Нышанқызы атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті, сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ашурова Сардора Раззокутлы атына Өзбекстан Республикасынан берілген жеке куәлігінің (паспорты) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Smart OIL» ЖШС атына берілген Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Авалбекова Касияткан Молдакулқызы 13.11.1962 жылғы атына тиесілі «Күміс алқа» кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Пердешов Дилмурод Елмурод угли атына тиесілі ҚР берген Шетелдіктің тұру ықтиярхаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ТОО «АКТИВ ЛОМБАРД» сообщает о проведении торгов по реализации не выкупленных заложенных имущества

На торги выставляются

ОРГТЕХНИКА,

БЫТОВАЯ ТЕХНИКА,

МЕХОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ,

АУДИО-ВИДЕО

ТЕХНИКА.

Метод проведения торгов - английский

Прием заявок на участие начинается со дня публикации объявления и заканчивается за (один) час до проведения торгов.

Торги проводятся с 1-го по 30 ноября, ежедневно с 09:00 до 20:00 по адресу:

**г. Шымкент, ул. Г.Ильяева 5/4, ТД New Astana 2 этаж.
Тел: 8 778-555-35-90, 8 771-664-06-87, 8 771-050-11-07**

Открылось наследство

*** Умер Крюков Артем Сергеевич. Дата смерти: 17.07.2009 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Досимбеков С.А. г. Шымкент, ул. Бейбитшилик, 24 а. Тел.: 35-43-85, 8 701-270-72-55.

*** Умер Усенов Орынбек Абубакирулы. Дата смерти: 10.09.2009 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Боранбекова С.С. Шымкент, трасса Темирлановская, д 43, кв 1. Тел.: 8 775-969-40-66.

*** Умерла Сатышова Акерке Сапарбаевна. Дата смерти: 04.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Конов Сергей Васильевич. Дата смерти: 29.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Беисенбаева Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова (Нариманова). Д-3 Тел.: 8 /7252/ 402-673, 8 777-094-27-44.

*** Умер Досимбеков Бахыт Зулпухарович. Дата смерти: 19.01.2000 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Беисенбаева Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова (Нариманова). Д-3 Тел.: 8 /7252/ 402-673, 8 777-094-27-44.

*** Умерла Маймакова Улбо-сын Саидуллаевна. Дата смерти: 21.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсебаев Р.Р. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 2-этаж. 217 каб. Тел.: 8 701-751-80-77, 8 771-153-83-92.

к нотариусу Бейсебаев Р.Р. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 2-этаж. 217 каб. Тел.: 8 701-751-80-77, 8 771-153-83-92.

*** Умер Жарылхасынов Женисбек. Дата смерти: 03.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умерла Оспанова Калбиби. Дата смерти: 30.01.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Алиев Ансар Ильяс оглы. Дата смерти: 24.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сүлеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар. Тел.: 8 778-402-83-83.

*** Умер Жузбаев Шарыпхан Молдаханович. Дата смерти: 31.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Муслимов Умирзак. Дата смерти: 27.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсебаев Р.Р. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 2-этаж. 217 каб. Тел.: 8 701-751-80-77, 8 771-153-83-92.

*** Умер Мусалимов Дилму-

род Досмуратович. Дата смерти: 29.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургешбаева Р.О. г. Шымкент, угол. Желтоксана и Момышулы. Тел.: 8 702-263-49-23.

*** Умер Байрамов Кувандык Хулусович. Дата смерти: 11.11.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Тулешов Медеу Оразалыулы. Дата смерти: 09.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Беисенбаева Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова (Нариманова). Д-3 Тел.: 8 /7252/ 402-673, 8 777-094-27-44.

*** Умерла Утешова Рахила Ибраевна. Дата смерти: 11.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Касакбаев Нурмахан Сейтканович. Дата смерти: 30.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тоғызбаева Г.Ж. г. Ленгер, ул. Толеби, д 396 «Б»

*** Умерла Сағынбекова Зебер. Дата смерти: 12.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Пернебаев Б.Т. г. Ленгер, ул. Толеби, 172. Тел.: 8 775-897-28-65

Хабарландыру

«Деньги населению»
 Жауапкершілігі Шектеулі
 Серіктестігі, БИН
 120740002769, орналасқан
 жерінің өзгеруі туралы
 хабарлайды.

Жаңа орналасқан мекен-жайы:

110000, Қазақстан
 Республикасы,
 Қостанай облысы,
 Қостанай қаласы,
 Амангелді көшесі, 46 үй.

Объявление

Товарищество с ограниченной ответственностью «Деньги населению», БИН 120740002769, сообщает об изменении места нахождения. Новым местом нахождения товарищества с ограниченной ответственностью «Деньги населению» считать адрес: 110000, Республика Казахстан, Костанайская область, город Костанай, улица Амангелды, дом 46.

*** ТОО «Ломбард Демеу-Р» объявляет о своем закрытие. Все претензии принимаются в течение 15 дней, со дня опубликования объявления.

О ликвидации

*** ЧУ «Туркестан институты» БИН 180740012458 объявляет о своей ликвидации. Все претензии принимаются в течение одного месяца со дня опубликования объявления по адресу: Туркестанская обл., г. Туркестан, ул.

Баспасөз – 2019



Сіздің
 «Қазпочта» және
 редакция арқы-
 лы жазылуға
 мүмкіндігіңіз бар

	6 айға	12 айға
«Айғақта» жазылу	1200 теңге	2400 теңге
Қазпочта (қала)	1639,08 теңге	3278,16 теңге
Қазпочта (ауыл-аймақ)	1750,80 теңге	3501,60 теңге



АЙМАҚТАҒЫ
АЙШЫҚТЫ
ЖАҒАЛЫҚТАРМЕН
ТЫНЫСТАҒЫҢЫЗ
КЕЛСЕ, «АЙҒАҚ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!!!

